


***Ж.Аймауытов***  
***кім?***



**ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ТӨРТІ**

**Жүсіпбек Аймауытов**

**“Әнші” әңгімесі.**

**Грамматикалық тақырып:**

**Есімше**

# ӨМІРБАЯНЫ

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

1917-1919 жылдары Алаш партиясына кірсе, 1919 жылы бірінші желтоқсанда Семейде кеңес өкіметі орнап, Губревком құрылған мезгілде көптеген қазақ жастарымен бірге мүше болады. Жүсіпбек Аймауытұлы 1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай сиезіне делегат болып қатысса, 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы және журналистер бюросының хатшысы қызметін атқарды. 1922-24 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-26 жылдары «Ақ жол» газетінде бөлім бастығы міндетін атқарды. Қазақ институтында істеді (Ташкент), 1926-29 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының оқытушысы әрі директоры болды. Осының аз-ақ алдында, яғни алапат аштық қарсаңында ұлт жанашырлары күйзелген елге қолұшын беру мақсатымен Семейде «Жанар» атты ұйым құрды. Ұйымның негізгі мақсат-міндеті: қарапайым халыққа көмектесу, ұлт бостандығы жолындағы жастарды қамқорлыққа алып, білімге, саясатқа тарту болды. Халыққа қасірет әкелген алапат аштық тұсында - Ж.Аймауытұлы мұраттас серіктестіктерімен бірге қол ұшын береді. Мәдени-рухани тұрғыдан, әлеуметтік жағынан қолдап, көмек етеді. Отызыншы жылдардың ойранына, НКВД-нің қанды шеңгеліне түскен қайран ер таланты кемелденіп, үлкен шығармашылық кезеңге бет бұрған шағында - 1930 жылдың 21 сәуірінде Мәскеудегі Бутырька түрмесінде атылды.

Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Құлболды бөлімінен шыққан. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген.

1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

1911—1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді.

1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады.

Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады.

Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919).

Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады (1920).

Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы.

Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922—1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924—1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926—1929) қызметтерін атқарады.

1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған. Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы - міне, мұның бәрі Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 ж. басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек 1931 ж. атылған.

# ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ол қазақ әдебиетінде көркем прозада алғаш лиризм әкелген, сондай-ақ пейзаждың үздік үлгісін, психологизмнің терең иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер. 1918 –19 ж. М.Әуезовпен бірге Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, №3) деген мақалалар жазды. А-тың көркем шығармалары эстет. бояуының қашықтығымен, көркемдік қуатымен, стильдік даралығымен қазақ әдебиетінде соны бағыт қалыптастырды. А. пед. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның педагогикалық, психологиялық және методика саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды.

Ж.Аймауытұлы ұлттық сөз өнерінің әр алуан саласында ерен еңбек етті. Оның қаламынан туған, әсіресе ақындық әлемін танытатын («Сарыарқаның сәлемі», «Көшу», «Нұр күйі», т. б.), кемел прозашылығын («Әнші», «Елес», «Жол үстінде», «Қара бақсы» - әңгімелер), «Күнікейдің жазығы», (повесть), «Қартқожа», «Ақбілек» (романдар), белгілі драмашылығын («Сылаң қыз», «Мансапқорлар», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Қанапия - Шәрбану», «Шернияз»), айтулы аудармашылығын («Сараң сері», «Тас мейман» (А.С. Пушкин), «Бақылаушы» (Н.В. Гоголь), «Бейшаралар» (В. Гюго), «Дәмелі», (Ф. Дюшен), «Тау еліндегі оқига» (С. Чуйков), сындарлы сыншылығын - «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Сұңқар жыры», жан жүйесінің білікті білгірі екендігін - «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» т.б. ғылыми еңбектері табиғи талант қырларын жан-жақты жарқырата көрсетті. Балаларға арналған - «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шал мен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер қарапайым мәтін мен көркем суреттің табиғи тұтастығы мен үндескен үлгісін терең танытады. Ең маңыздысы, бұл еңбектер бүгін де рухани-тәлімдік қырларымен мәнді

***1 ТАПСЫРМА. ҚАЛАМГЕРДІҢ ӨМІРІ МЕН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ  
ПОЭТАПНЫЙ КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ ЖИЗНИ И  
ТВОРЧЕСТВА ПИСАТЕЛЯ (ЗАПИШИТЕ ОТВЕТЫ  
ПРОЧИТАВ БИОГРАФИЮ И ТВОРЧЕСТВА В СЛАЙДАХ)***

- ❑ Қаламгердің аты-жөні:
- ❑ Туған жылы:ше
- ❑ Туған жері:
- ❑ Ең алғаш алған білімі:
- ❑ Семейдегі оқу орны:
- ❑ Атқарған қызметі:
- ❑ Шоқтығы биік шығармасы:
- ❑ Оның басты кейіпкері:
- ❑ Тақырыбы:
- ❑ Өмірден өткен уақыты:

**2 ТАПСЫРМА: ЖҮСПБЕК  
АЙМАУЫТОВТЫҢ «ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІНЕН  
АЛЫНҒАН ҮЗІНДІНІ ОҚЫҢДАР.**

- ӘҢГІМЕ КІМДЕР ЖӘНЕ НЕ ТУРАЛЫ?**
- ӘҢГІМЕДЕГІ ОЙЫН САУЫҚ ТҮРЛЕРІН  
АТАҢЫЗДАР. ЖАУАПТАРЫҢДЫ ДӘПТЕРГЕ  
ЖАЗЫП АЛЫҢДАР.**

**ПРОЧИТАЙТЕ ОТРЫВОК ИЗ РАССКАЗА  
ЖУСУПБЕКА АЙМАУТОВА "ӘНШІ".**

- КТО И О ЧЕМ РАССКАЗ?**
- НАЗОВИТЕ ВИДЫ РАЗВЛЕЧЕНИЙ В  
РАССКАЗЕ. ЗАПИШИТЕ ОТВЕТЫ В ТЕТРАДИ**

# 3 ТАПСЫРМА. МӘТІНГЕ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ. ПОЭТАПНЫЙ КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ ТЕКСТА

Шығарманың аты:

Тақырыбы:

Жанр түрі:

Идеясы:

Кейіпкерлері:

Тәрбиелік мәні:



○ Запишите тему: Есімше

99 бет, 10 сынып оқулығы, авторлары: Г.Косымова, Ш. Ергожина, Г.Каримова. Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы Мектеп, 2019. Ссылка : <https://www.okulyk.kz/aza-tili/606/>

Есімше – етістіктің есім сөздерге ұқсас белгілері бар түрі. Ол түбір етістіктен арнайы жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы, “-ған, -ген”, “-қан, -кен” жұрнағы етістікке жалғанып, оған өткен шақ мәнін қосады: “жазылған хат”, “келген адам”, “ол кеткен”, “сен бергенсің”, “мен барғанмын”. Сондықтан ол бұрынғы өткен шақтың көрсеткіші қызметін атқарады. Ал “-атын, -етін”, “йтын, йтін” жұрнағы қимылдың келешекте жасалу мәнін білдіреді: “істелетін жұмыс”, “ол ертең келетін сияқты”. Сөйлемдегі мағынасына қарай өткен шақ мәнінде де қолданылады: “ол бұрын бізге жиі келетін”. Келесі “-ар, -ер”, “-р”, “-с” жұрнағы қимылдың келешекте жасалуы да, жасалмауы да мүмкін екенін білдіреді: “айтылар сөз”, “бермес ас”, “келер күн”, т.б. Осымен байланысты бұл жұрнақ тілде болжамды келер шақ қызметінде қалыптасқан: “ол бүгін-ертең келер”. Сондай-ақ, “-мақ, -мек”, “-пақ”, “-пек” жұрнағы алда жасалатын істі мақсат етуді білдіреді. Мысалы: “кездеспек күн”, “орындалмақ жұмыс”, “айтылмақ сөз”. Есімшенің осы мағынасына байланысты ол тілде мақсатты келер шақ көрсеткіші болып қалыптасқан: “Ол ел сенімін ақтамақ”. Есімшенің басқа етістіктерден өзіндік ерекшелігі бар. Ол заттық белгі білдіріп, сөйлемнің анықтауыш мүшесі қызметінде қолданылады. Мысалы: “Айтылған сөз – атылған оқ”. Осындағы “айтылған” – сөздің анықтауышы, “атылған” – оқтың анықтауышы. Есімше анықтауыш қызметінде заттың қимылын оның бір белгісі ретінде көрсетеді. Есімшеден болған анықтауыш заттың тұрақты белгісін емес, тұрақсыз белгісін білдіреді. Есімше өте жиі заттық мәнде қолданылатын сөздерге жатады. Есімше заттанғанда, ол зат есімнің жалғауларын қабылдайды: “көргеніңді айт, келгендерді қарсы ал”, т.б.

# ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:

10 сынып оқулығы, авторлары: Г.Косымова, Ш. Ергожина, Г.Каримова. Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы Мектеп, 2019. Ссылка :

<https://www.okulyk.kz/aza-tili/606/>

96 бет, 7-тапсырма

Мәтінді қайталап оқып, әңгіменің «Әнші» аталу себебін түсіндіріңдер.

Прочитайте рассказ и объясните почему рассказ называется «Певец».